



## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

08 қыркүйек 2020 жыл

### **KASE қор нарығы бойынша кешенді білім беру бағдарламасын жүзеге асырады**

"Қазақстан қор биржасы" (KASE немесе Биржа) Қазақстанның ЖОО студенттері мен барлық қызығушылық танытқандар үшін "KASE сауда-саттықтары: А-дан Я-ға дейін" кешенді білім беру бағдарламасын (Бағдарлама) жүзеге асырады.

Жобаның мақсаты – жас мамандар мен қызығушылық танытқан тұлғалардың қор нарығы, оның құралдары және инвестициялық мүмкіндіктері туралы білімдерін жоғарылату, сондай-ақ оларға қор нарығында жұмыс істеудің практикалық дағдыларын беру – қатысушыларға биржадан теориялық білім алуға және қазақстандық нарықтағы ең өтімді, басым бөлігі KASE индексіне енгізілген, бағалы қағаздармен "Биржалық симулятор" білім беру ойыны аясында сауда жасауға мүмкіндік беріледі.

Бағдарлама екі бөлімнен тұрады – теориялық және практикалық.

Бағдарламаның бірінші бөлігінде Қазақстанның барлық аймақтарынан тыңдаушылар бағалы қағаздар нарығының жұмысы туралы алты вебинардың қатысушысы болады, онда оларға бағалы қағаздарды қалай таңдау, инвестициялық портфельді құру, олардың параметрлерін талдау және өртүрлі инвестициялық стратегияларды пайдалану туралы айтылады.

Жобаның екінші жартысында оның қатысушылары жыл сайынғы "Биржалық симулятор" білім беру ойынына қатысады, оның шеңберінде алған білімдерін тәжірибеде – қазақстандық компаниялардың ең өтімді акцияларымен білім беру саудасында, KASE-нің нақты сауда жүйесіне негізделген жүйеде қолдану мүмкіндігін алады.

Шынайы нарыққа мүмкіндігінше жақын жағдай жасау үшін барлық бағалы қағаздардың баға белгілеулері нақты сауда-саттықтың барысын көрсетеді. Сонымен қатар, сауда-саттық басталған кезде әрбір қатысушыға басқаруы үшін миллион теңге көлеміндегі виртуалды инвестициялық портфель ұсынылады. Негізгі мақсат – осы портфельдің максималды өсуіне немесе табыстылығына қол жеткізу.

"Биржалық симулятор" Биржада 2008 жылдан бастап өткізіледі. Биыл бұл жоба кешенді оқыту Бағдарламасының бөлігі болды.

"KASE-дегі сауда-саттықтар: А-дан Я-ға дейін" төрт айға есептелген – 2020 жылдың тамызынан қараша айына дейін, оның аяқталуы 2020 жылдың желтоқсан айына жоспарланған. Осы кезде еліміздің барлық аймақтарынан Бағдарламаға 378 қатысушы тіркелді.

Коронавирустық індеттің таралуының алдын алу мақсатында, Бағдарлама тек қашықтықтан ғана іске асырылатынына назар аударамыз.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және

отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).